

# Астана күнінде қос нысан ашылды

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ

30  
жыл

Астана күнінде қаламызда қос нысанның ашылу салтанаты өтті. Қала жұртшылығының мерекелік көңіл күйін еселеген шараға Қостанай облысы әкімінің орынбасары Арман ӘБЕНОВ арнайы келді.

Автодромның ашылуы қаламыздың тұрғындарына ғана емес, көршілес аудандардың халқына да қуаныш сыйлағаны анық. Себебі, көлік жүргізу қуәлігін алу үшін тәжірибелік сынақ тапсыруға өңір жұрты облыс орталығына баруға мәжбүр болған еді. Енді бұл қиындық артта қалды. Заманауи жабдықталған автодромның ашылу салтанатында Қостанай облысы әкімінің орынбасары Арман Тарғынұлы осыны тілге тиек етті. Жеке кәсіпкер Серік ТӨЛЕКБАЕВ та сөз атып, өңір жұртына ыңғайлы жағдай жасап, ел игілігі үшін талапқа сай автодром ашып бергені үшін алғысын білдірді. Алаңның керме жібін Қостанай облысы әкімінің орынбасары Арман ӘБЕНОВ, мердігер тарап «Алюминқұрылыс» ЖШС басшысы Абай МҰҚАНОВ, жеке кәсіпкер Серік ТӨЛЕКБАЕВ салтанатты түрде қиды.

Автодром алаңын салуға қазынадан 80 млн. теңгеге жуық қаражат жұмсалды. Бұл ақшаға мердігер компания «Алюминқұрылыс» ЖШС –ті 7 235 шаршы шақырымға асфальт жабынын төсеп, 1, 3 шақырым жолақтар сызып, 24 шаршы метрге жасанды тегіс емес жол орнатты. 10 шаршы метрге «Сырғанақ» (горка) аталатын нысан салды. Мұнан бөлек алаңға 18 жол белгілері, 4 бағдаршам орнатылып, 425 метр жер қоршалып, жарықтандырылып, блок модульді контейнермен жабдықталды.

Елорда күні мерекесінде салтанатты түрде ашылған келесі нысан – «Денсаулық» сауықтыру орталығы. Орталықтың ашылуында Арман Тарғынұлы халқымыздың денсаулығын сақтау әуелгі кезектегі іс екенін



айтып, осы бағытта жұмыс жасайтын нысанның ашылуымен, Астана күнімен жойылғандарды құттықтады.

Оңтүстік корейлік технологиямен ем көрсететін «Денсаулық» аталатын сауықтыру орталығы мемлекеттің шағын және орта бизнеске деген қолдауының нәтижесінде ашылып отыр. Яғни, орталық иесі Роза ТАНАШЕВА өткен жылы өз мақсатын жүзеге асыру үшін «Бизнестің жол картасы 2025» бизнесті дамытуды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы арқылы 5 млн. теңге көлемінде қайтарымсыз грант ұтып алған еді. Ол қаражатқа Оңтүстік корейден «Спелеокамера» аталатын құрылғы сатып әкелді. Осы құрылғы арқылы науқастар 40 – 42 градусты физиотерапия қабылдайды. Ол өз кезегінде: рак клеткаларын

өлтіріп, бронхит, демікпе, аллергия сынды ауруларға қарсы оң әсерін тигізбек. Мұнда ультродыбыстық терапия, Оңтүстік корейлік әдіспен қан алудан бөлек уқалаудың (массаждың) барлық түрлері жасалады.

Екі нысанның ашылу салтанатынан бөлек Қостанай облысы әкімінің орынбасары Арман ӘБЕНОВ: мал бордақылау алаңы мен элеватор, мал азығын дайындайтын зауыт сынды инвестициялық жобалардың құрылысын көріп, тері өңдеу зауытының, ТВКБ – нан босаған базада құрылған «Алюминқұрылыс» ЖШС – не тиесілі автоорталық пен электромеханикалық цехтың, «Арқалықрем-сервис» эксковатор мен ауыл шаруашылық техникаларын жөндеу орынының жұмысымен танысты.